



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Қолданыс № 2-02/42
Павлодар қаласы

город Павлодар

**III облыстық ғылыми-
шығармашылық қашықтық
конференцияны өткізу туралы**

Мәдени ұлттық қазынаны зерттеу және сақтау, балалардың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға ықпал ету, зияткерлік және шығармашылық әлеуетті дамыту және іске асыру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Музыкалық колледж–дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ базасында 2022 жылғы 24 наурызда балалар музыка мектептері, балалар өнер мектептері, жалпы орта білім беретін мектептер, мамандандырылған мектептер, қосымша білім беру мекемелерінің оқушылары мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Павлодар өңірінің музыкалық және бейнелеу өнері саласындағы мәдени мұрасы–замандас көзқарасы» III облыстық ғылыми-шығармашылық қашықтық конференциясы өткізілсін.

2. III облыстық ғылыми-шығармашылық қашықтық конференцияны қашықтан өткізу туралы ереже (1-қосымша), ұйымдастыру комитетінің құрамы (2-қосымша) бекітілсін.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру бойынша оқу-әдістемелік кабинеті мен «Музыкалық колледж– дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ-нің басшысы (С.К. Сыздықов) ғылыми-шығармашылық қашықтық конференцияны өткізу үшін материалдық-техникалық база дайындауды қамтамасыз етсін.

4. Балалар музыка мектептері, балалар өнер мектептері, жалпы білім беретін мектептер, мамандандырылған мектептер, қосымша білім беру мекемелері мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары оқушылар мен студенттердің облыстық қашықтық конференцияға қатысуын ұйымдастырсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру басқармасы басшысының орынбасары А.Е. Абеноваға жүктелсін.

Басқарма басшысы

Д. Болатханұлы

Бұйрықпен таныстырылды:

_____ А. Абенова

_____ А. Иманшарипова

_____ С. Сыздықов

Білім беру басқармасының
2022 жылғы « 1 ақпан »
№ 2-02/42 бұйрығына
1-қосымша

**Мектеп оқушылары (4-11 сыныптар) мен колледж студенттерінің
«ПАВЛОДАР Өңірінің музыкалық және бейнелеу өнері
саласындағы мәдени мұрасы – замандастың
көзқарасы»**

**III облыстық ғылыми-шығармашылық қашықтық конференциясының
ЕРЕЖЕСІ**

I. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже балалар музыкалық мектептері, балалар көркемсурет мектептері орта мектептер, мамандандырылған мектеп оқушылары және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Павлодар өңірінің музыкалық және бейнелеу өнері саласындағы мәдени мұрасы – замандас көзқарасы» атты III облыстық ғылыми-шығармашылық қашықтық конференциясын өткізу туралы ереже конференцияны ұйымдастыру және өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 «Павлодар өңірінің музыкалық және бейнелеу өнері саласындағы мәдени мұрасы – замандас көзқарасы» атты III облыстық ғылыми-шығармашылық қашықтық конференциясы мәдени ұлттық қазынаны зерттеу және сақтау, балалардың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға жәрдемдесу, зияткерлік және шығармашылық әлеуетті дамыту және іске асыру мақсатында өткізіледі.

1.3 Оқушылар (4-11 сыныптар) мен колледж студенттерінің «Павлодар өңірінің музыкалық және бейнелеу өнері саласындағы мәдени мұрасы – замандас көзқарасы» атты III облыстық ғылыми-шығармашылық қашықтық конференциясы – студенттердің танымдық іс-әрекетін дамытуға, музыкатану, мәдениеттану, өнертану саласындағы ғылыми-зерттеу қызметіне қызығушылықтар мен бейімділіктерді ашуға ықпал ететін ғылыми-шығармашылық қызметтің негізгі формаларының бірі.

II. Конференцияның мақсаты мен міндеттері

2.1 Конференция мәдени ұлттық игіліктерді зерттеу және сақтау, балалардың шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға жәрдемдесу, зияткерлік және шығармашылық әлеуетті дамыту және іске асыру мақсатында өткізіледі.

2.2 Міндеттері:

2.2.1 Білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту, музыкатану, мәдениеттану, өнер тарихы саласындағы ғылыми-зерттеу қызметіне білім алушылардың қызығушылықтары мен бейімділіктерін ашу;

2.2.2 Ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеуге, материалды іріктеуге және жүйелеуге, мәселелерді анықтауға және тұжырымдауға, жұмысты сауатты ресімдеуге, пікірталас өнерін игеруге, аудитория алдында сөз сөйлеуге үйрету;

2.2.3 Оқушылар мен студенттердің зерттеушілік және шығармашылық қызметін дамытуда педагогтердің, ата-аналардың (заңды өкілдердің), жұртшылықтың күш-жігерін шоғырландыру;

2.2.4 Павлодар өңірінің музыкалық және бейнелеу өнері саласындағы мәдени мұрасын зерделеу жөніндегі деректер банкі қалыптастыру;

2.2.5 Білім алушылардың ғылым, өнер және шығармашылық саласындағы қабілеттерін анықтау мен дамытудың педагогикалық технологияларының деректер банкі қалыптастыру;

2.2.6 «Қосымша білім беру – кәсіптік білім беру» өзара іс-қимылда мемлекеттік және қоғамдық күш-жігерді біріктіруді жүзеге асыру;

2.3 Конференцияға балалар музыка мектептері, балалар өнер мектептері, қосымша білім беру ұйымдары, жалпы білім беретін мектептердің, мамандандырылған мектептердің оқушылары және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері қатыса алады.

2.4 Конференцияның негізгі секциялары:

№ 1 секция «Музыкалық білім»:

1 категория – 4-11 сынып оқушылары.

2 категория – колледж студенттері.

№ 2 секция «Бейнелеу өнері саласындағы білім»:

1 категория – 4-11 сынып оқушылары.

2 категория – колледж студенттері.

III. Конференцияны өткізу шарттары

3.1. Конференция 2022 жылғы 24 наурызда қашықтық форматта өткізіледі. Қатысушылар өз баяндамаларының бейнежазбасын жасап, YouTube каналына орналастырып, жазбаға сілтеме жасап және баяндама мәтініне сілтеме (Google Диск, Яндекс диск) жасап, ұйымдастыру комитетінің **conference muscoll@internet.ru** электронды мекенжайына жіберулері тиіс.

3.2 Ұсынылған жұмыстар конкурс негізінде номинациялар бойынша бағаланады:

– ғылыми-зерттеу жұмысы (баяндама, реферат, жоба, ғылыми очерк, мақала)

– шығармашылық жұмыстар.

3.3. Конференцияға қатысу үшін 15 наурызға дейін ұйымдастыру комитетіне келесі құжаттарды тапсыру қажет:

– жұмыстарға сілтеме көрсетілген сауалнама-өтінім;

– бейне баяндама (5-7 минут). Сөз басында өзін таныстырыңыз, басшыны, білім беру мекемесін және сөз сөйлеу тақырыбын атаңыз. Бейне

баяндамада презентацияны пайдалануға болады; мұрағаттық немесе авторлық бейне; шығарманы (көркем, музыкалық) немесе оның үзіндісін түсініктемелермен иллюстрациялау және жұмысты көрсетудің басқа тәсілдері.

3.4 Баяндама көлемі – 5 беттен артық емес. Мәтін мен кестелер Microsoft Office Word редакторында Times New Roman 14 шрифтпен терілуі керек, шегініс 1,25 см, интервал бір. Өрістер: сол жақта – 30 мм, оң жақта, жоғарыдан, төменнен – 20 мм. Кестелер атауы болуы керек және бос графиктер болмауы керек. Шартты қысқартулар мен символдар ескертпеде түсіндірілуі тиіс.

3.5 Фотосуреттер, суреттер, графиктер, схемалар, диаграммалар тікелей мәтінде болуы тиіс. Суреттер мен фотосуреттер JPG немесе BMP форматында ұсынылуы керек. Диаграммалар Excel форматында орындалуы мүмкін.

3.6 Тақырыпта жұмыстың (баяндаманың) атауы, келесі жолда – авторлардың тегі мен аты-жөні, ұйымның (оқу орнының) толық атауы көрсетіледі. Егер авторлар әртүрлі ұйымдардан (оқу орындарынан) болса, онда әрбір автор жеке жолда көрсетіледі. Азат жолдан кейін баяндама мәтінін өзі басып шығарады.

3.7 Конференцияға қатысушылардың жұмыстары ғылыми жетекшінің басшылығымен дайындалады, ол техникалық және кәсіптік білім беру ұйымының оқытушысы, категориясы мен секциясына сәйкес мұғалім, қосымша білім беру педагогі бола алады.

3.8 Оқушылардың өз бетінше орындаған жұмыстарына рұқсат етіледі.

3.9 Конференцияны өткізуді секция басшысы ұйымдастырады. Мектеп әкімшілігі, бөлім меңгерушілері, әдістемелік бірлестіктердің жетекшілері конференцияға қатысуға өтінімдер беру жөніндегі жұмысты үйлестіреді.

3.10 Баяндамалардың тақырыптары конференцияның ұйымдастыру комитетінің хаттамаларында тіркеледі және бекітіледі.

3.11 Конференция қорытындысы 2021 жылғы 30 наурызда шығарылады. Конференцияға қатысу – тегін.

IV. Іріктеу критерийлері және жұмысқа қойылатын талаптар

4.1 Ұсынылған жұмыстарды бағалау критерийлері:

- тақырыптың өзектілігі;
- мазмұнның тақырыпқа сәйкестігі;
- зерттеу жүргізудегі дербестік дәрежесі;
- ақпараттық дереккөздерді талдау және жүйелеу;
- жұмыстың практикалық маңыздылығы;
- жұмысты ұсынудың сауаттылығы мен логикасы;
- АКТ пайдалану.

4.2 Конференцияға қатысушылардың жұмыстары критерийлерге сәйкес барлық критерийлер бойынша орташа балды есептеу арқылы бағаланады.

4.3 Жұмыс өздігінен жасалуы керек, дизайн талаптарына сәйкес келуі керек:

- титул парағы (тақырыпты және автор мен жетекшінің бастапқы деректерін көрсете отырып);

- мазмұны (жоспар);
- кіріспе (зерттеу тақырыбын негіздеу, мақсаты мен міндеттері);
- негізгі бөлім;
- қорытынды нәтижелері;
- пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- қосымша.

4.4 Теориялық және практикалық бөліктерді, авторлардың жеке жетістіктерін, нәтижелерді пайдалану саласын нақты анықтау қажет.

V. Конференция басшылығы

5.1 Конференцияны дайындау мен өткізуге жалпы басшылықты құрамына музыка және бейнелеу өнері саласындағы мамандар кіретін ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

5.2 Ұйымдастыру комитеті конференция жүлдегерлері мен ғылыми жетекшілерді көтермелеу мәселелерін шешеді, қоғамның, бұқаралық ақпарат құралдарының, жеке және заңды тұлғалардың назарын конференция қызметіне тартуға ықпал етеді, қазылар алқасымен бірлесіп қорытынды шығарады, конференция лауреаттары мен жеңімпаздарын марапаттайды.

5.3 Ұйымдастыру комитеті секцияларда қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

5.4 Ұйымдастыру комитеті конференцияны ұйымдастыруға білім алушылардың ата-аналарын, жоғары оқу орындарының өкілдерін, әкімшілік педагогикалық құрылымдардың қызметкерлерін, қоғамдық ұйымдардың өкілдерін тарта алады.

VI. Конференцияны қаржылық қамтамасыз ету

6.1 Конференцияны қаржылық қамтамасыз ету осы мақсаттарға бөлінген бюджеттік және бюджеттен тыс қаражат есебінен жүзеге асырылады.

VII. Конференция қорытындысы

7.1 Жұмыс аяқталғаннан кейін пәндік секциялардың қазылар алқасы мүшелерінің отырыстары өткізіледі, онда жүлдегерлер туралы шешім шығарылады. Қазылар алқасының барлық шешімдері хаттамаланады және түпкілікті болып табылады.

7.2 Конференцияның барлық қатысушыларына сертификат беріледі.

7.3 Үздік жұмыстарды ұсынған конференцияға қатысушылар I, II, III дәрежелі дипломдармен марапатталады. 10 және одан да көп қатысушы ұсынған оқу орындарының басшылары Құрмет грамоталарымен марапатталады.

VIII. Жалпы мәселелер

8.1 Сұрақтар туындаған жағдайда, конференцияның ұйымдастыру комитетіне хабарласа аласыз: үйлестіруші-модератор: «Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ басшысының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары Эльвира Геннадьевна Кошук, ұялы телефон/WhatsApp 87016006152, e-mail: conference_muscoll@internet.ru.

САУАЛНАМА-ӨТІНІМ

Секция/категория	
Баяндама тақырыбы	
Қатысушының аты-жөні (толық)	
Сынып/курс	
Ғылыми жетекшінің аты-жөні (толық)	
Кері байланыс үшін телефон / WhatsApp	
Елді мекен көрсетілген колледждің (мектептің) толық атауы	
Оқу орнының мекенжайы (облыс, қала, аудан, көше, нөмірі)	
Оқу орны басшысының аты-жөні (толық)	
Оқу мекемесінің e-mail:	
YouTube-те баяндаманың бейне сілтемесі	
Баяндама мәтініне сілтеме (Google Диск, Яндекс диск)	

Сәттілік тілейміз!

Білім беру басқармасының
2022 ж. «1» ақпандағы
№ 2-02/42 бұйрығына
2-қосымша

**Мектеп оқушылары (4-11 сыныптар) мен колледж студенттерінің
«ПАВЛОДАР Өңірінің музыкалық және бейнелеу өнері
саласындағы мәдени мұрасы – замандастың
көзқарасы»**

**III облыстық ғылыми-шығармашылық қашықтық конференциясының
ұйымдастыру комитетінің құрамы**

1.	Ныгманов Максат Сейткенович	Білім беру басқармасы техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы
2.	Айнур Жумабаевна Иманшарипова	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
3.	Гульнар Алтаевна Баймуханова	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері
4.	Сауле Толеубаевна Жакупова	Білім беру басқармасы ТЖКБ бойынша оқу-әдістемелік кабинетінің әдіскері
5.	Серик Касымханович Сыздықов	«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ басшысы
6.	Эльвира Геннадьевна Кошук	«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ басшысының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары
7.	Назгуль Куанышевна Сагиева	«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ әдіскері
8.	Оксана Владиславовна Петрович	Павлодар облысы бойынша «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесінің бағдарламасын іске асыру бөлімінің маманы